

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды қолдап отырудың көрсетілетін қызметтері құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 26 қарашадағы № 537 бұйрығы

"Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 43) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 111-6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды қолдап отырудың көрсетілетін қызметтері құнын айқындау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік он күн ішінде оны Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына қазақ және орыс тілдерінде жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Нұрбек

Бұйрығымен бекітілді

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды қолдап отырудың көрсетілетін қызметтері құнын айқындау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды қолдап отырудың көрсетілетін

қызметтері құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 43) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 111-6) тармақшасына сәйкес, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар беру жөніндегі қызметтердің құнын айқындау мақсатында әзірленді.

2. Осы Әдістемеді қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) Ғылым қоры – мемлекет жүз пайыз қатысатын акционерлік қоғам нысанындағы заңды тұлға;

2) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған грант - экономиканың басым секторлары шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде берілетін грант қаражаты ;

3) көрсетілетін қызмет – ғылыми және (немесе) ғылыми – техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыру шеңберінде (бұдан әрі – ҒҒТҚН) көрсетілетін Ғылым қорының қызметі;

4) шығындар – Ғылым қорының қызметінде пайдаланылатын, қызмет көрсету процесін үйлестіруді және жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін қажетті ресурстардың көлемі.

2-тарау. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға гранттар беру шеңберінде көрсетілетін қызметтердің құнын есептеу

3. Коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды қолдап отырудың көрсетілетін қызметтерінің құнын есептеу кезінде мынадай жалпы көрсеткіштер пайдаланылады:

1) "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгіленген базалық лауазымдық жалақы (бұдан әрі – БЛЖ);

2) 2024 жылғы 1 қаңтарға арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшері (бұдан әрі – АЕК).

4. ҒҒТҚН коммерцияландыруға гранттар беру шеңберінде көрсетілетін қызметтердің жалпы құнын есептеу үшін мынадай формула қолданылады:

$$P = C \times ((Q_{жа1} + \dots + Q_{жа}) + Q_{ж}),$$

мұндағы,

Р - қаржы жылында ҒҒТҚН коммерцияландыруға гранттар беру шеңберінде көрсетілетін қызметтердің жалпы құны, теңге;

С - қаржы жылында 1 (бір) жобаны ілгерілету және іске асыру құны, теңге;

Qжа1, Qжжа - қаржы жылындағы алдыңғы конкурстардың іске асырылатын жобаларының саны, бірл;

Qж - қаржы жылында жаңа конкурстың жобаларын іске асыруға жоспарланған саны, бірл.

5. Бір жобаны ілгерілету және іске асыру құнына қосымшаға сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, Ғылым қорының негізгі функциясын орындауға және қызметін қамтамасыз етуге қажетті ілеспе шығындар, сондай-ақ тұрақты шығындар кіреді.

6. Өзіндік құн қаржы жылында 1 жобаны ілгерілету және іске асыру үшін барлық шығындардың сомасы ретінде есептеледі.

$$C = (W + X + Z) * 1,12,$$

мұндағы:

С – қаржы жылында 1 (бір) жобаны ілгерілету және іске асыру үшін Ғылым қорының қажетті барлық шығындарының өзіндік құны, теңге;

W – салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, теңге;

X – ілеспе шығындар 97 АЕК көлемінде, теңге;

Z – тұрақты шығындар 26 АЕК, теңге;

1,12 – қосылған құн салығының коэффициенті (ҚҚС) белгіленген ҚҚС мөлшерлемесін (12%) ескере отырып есептелген.

7. Қызметкерлердің жылдық еңбекақысы салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып есептеледі.

$$W = \text{БЛЖ} * f * \text{сно},$$

мұндағы:

БЛЖ – 17 697 теңге мөлшерінде базалық лауазымдық жалақы;

f – жылдық еңбекақы қорының БЛЖ-ға қатынасының коэффициенті - 76;

сно – салық салынатын еңбекақы төлеу қорына салықтар мен аударымдардың коэффициенті, жылдар бойынша:

$$2025 \text{ жыл} = 1,1518;$$

$$2026 \text{ жыл} = 1,1618;$$

$$2027 \text{ жыл} = 1,1718;$$

$$2028 \text{ жыл} = 1,1768.$$

8. Ілеспелі шығындарға мыналар жатады:

1) материалдық шығындар. Материалдық шығындар кеңсе керек-жарақтары мен тауарлық-материалдық құндылықтар шығыстарын қамтиды;

2) ел ішіндегі қызметтік іссапарлар. Заңнама нормаларын, конкурстық құжаттаманы түсіндіру, сондай-ақ жобалар бойынша бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын көшпелі талдау және жобалардың іске асырылу барысымен танысу үшін өңірлерге шығуға байланысты ел ішіндегі қызметтік іссапарларға арналған шығыстар.

Қызметтік іссапарларға арналған шығыстар "Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № 256 қаулысына сәйкес айқындалады;

3) өзге де шығыстар. Өзге шығыстарға негізгі құралдарға жататын тауарларды сатып алуға арналған шығындар, шығыс материалдарына, автокөлікті жалға алуға, кеңсе үй-жайларын жалға алуға, өзге де тауарлар мен қызметтерді сатып алуға, жобаны сүйемелдеу үшін пайдаланылатын негізгі құралдардың тозуына (амортизациясына), жеткізушілерден және мердігерлерден алынған ұйымдастыру техникасын ағымдағы жөндеуге, жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге), сондай-ақ ақпараттық-түсіндіру жұмысына, бұқаралық ақпарат құралдарында ФГТҚН коммерцияландыруды танымал етуге, семинарларды ұйымдастыру мен өткізуге және қызметті орындауға байланысты және бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мақұлдаған өзге де негізделген шығыстар жатады.

9. Тұрақты шығындарға мыналар жатады:

1) телекоммуникациялық қызметтер почта байланысы, интернет, телефония бойынша шығыстарды қамтиды;

2) ұйымның балансында болмаған жағдайда, қызметкерлерді орналастыру үшін жобаларды сүйемелдеу шеңберінде қызметтерді орындау үшін пайдаланылатын кеңсе үй-жайларын жалға алу.

Осы шығыстар "Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды, акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысына сәйкес айқындалады.

10. Қызметтердің жалпы құнына жобалар санына байланысты түзету коэффициенттері қолданылады:

- 200-ден 250-ге дейін жоба – 1;
- 250-ден 300 -ге дейін – 0,9;
- 300 - ден 350-ге дейін – 0,8.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды гранттық қаржыландыруды қолдап отырудың көрсетілетін қызметтері құнын айқындау әдістемесіне қосымша

Жылына 1 жобаны сүйемелдеудің өзіндік құнын жиынтық есептеу

№	Шығындар атауы	Жұмыс уақытының құны / бағасы	Саны	Жиыны	Ескерту
1	2	3	4	5	6
1	Салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді ескере отырып, қызметкерлердің еңбегіне акы төлеу				
1.1	Негізгі қызметкерлердің еңбегіне акы төлеу				
1.2	Әкімшілік-басқару персоналының еңбекақысы (ӘБП)				
1.3	Салықтар және бюджетке міндетті аударымдар				
2	Ілеспе шығындар				
2.1	Ел ішіндегі қызметтік іссапарлар				
2.2	Материалдық шығындар				
2.3	Басқа шығындар				
3	Тұрақты шығындар				
3.1	Телекоммуникациялық қызметтер				
3.2	Персоналға арналған кеңсе				

	үй-жайын жалға алу				
	БАРЛЫҒЫ				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК